



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

имеется хоть какое-то представление о стране, то, есть полная вероятность к быстрой адаптации к культуре народа.

Необходимо отметить, что культурный шок нельзя рассматривать, как однозначно негативный процесс. Культурный шок играет положительную роль тогда, когда дискомфорт сменяется удивлением, познанию нового, ведет к пониманию традиционных ценностей, моделей поведения, что, в конечном счете, служит к формированию межкультурной компетенции в диалоге культур. Межкультурная компетентность определяется, как способность понимать, ценить и уважать факторы, обусловленные культурой и влияющие на восприятие, мышление, оценку и действия, как свои, так и других людей, и, исходя из этого, умения строить новую схему действия [2].

Казахстанско-китайские взаимоотношения имеют глубокие исторические корни. На протяжении нескольких столетий эти страны пережили периоды разнообразных политических взаимодействий. Великий Шёлковый путь служит также определённым источником анализа исторических процессов не только между двумя государствами, но и по всей Азии и Востоку. Исторические корни — источник и опора для развития двустороннего сотрудничества соседних государств — Казахстана и Китая, их мирного сосуществования [3].

На современном этапе, взаимоотношения Республики Казахстан и КНР развиваются чрезвычайно быстрыми темпами. И рост инвестиций, и туризм, и транспортные коридоры, и содействие в гуманитарной сфере. Для развития более крепких связей между двумя странами – необходимость устранения проблем адаптации в межкультурной коммуникации. Это проявляется в межкультурном взаимопонимании, в коммуникативной и поведенческой адаптации к другой культуре, в построении новых образцов поведения, основывающихся на ценностях и нормах разных культур.

Список использованных источников:

1. Телешевская А.М. Ученые КНР о национальной психологии китайцев//Проблемы Дальнего Востока. – М,1989. №2. С.157-160.
2. Медведева Т. С. Межкультурная коммуникация в контексте интеграции образования//Вестник Удмуртского университета. 2006. № 9. С. 69-80.
3. Казахстан-Китай. 5 лет по пути добрососедства и сотрудничества. — Алматы; Пекин, 1997.

ӘОЖ 81' 373.2

ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНДАҒЫ ЗООНИМДЕР

Тұрсынташова Жібек Тұрсынташқызы

tursyntashova.95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университетінің 1 курс магистранты

Астана қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Сабитова Л.С.

Жалқы есімсіз ешқандай тіл болмайтыны және олардың тіл сөздігінде айтарлықтай орынға ие екені бәрімізге мәлім. Ономастика (грекше есім беру өнері) - кез-келген жалқы есімдерді, олардың шығу тегін, басқа тілден берілу жолдарын, енуін зертейтін тіл білімінің саласы болып табылады. Ономастиканың зерттеу объектісіне атау қызметін атқаратын баолық жекелеген сөздер, тіркестер мен сөйлемдер енеді. Ономастикалық зерттеудің мақсаты - жалқы есімдерге әсер етуші ономастикалық белгілерді анықтау, онимдердің әртүрлі топтарын анықтау, ономастикалық атаулар мен жалқы есімдердің ерекшеліктерін айқындау. Сонымен қатар жалқы есімдердің шығу тегін, дамуын зерттеу және жалқы

есімдердің сөздігін жасау.

Мақсат және міндеттеріне байланысты ономастика жалпы және жеке ономастика болып екіге бөлінеді. Жалпы ономастика онимдердің дамуы мен қалыптасуының жалпы заңдылықтарын, жалқы есімдерге тән ерекшеліктерді, оларды топтастыру принциптерін айқындайды. Жеке ономастика бір тілге немесе бір территорияға, аймаққа қатысты разрядтың жалқы есімдерді талдайды.

Зерттеу нысаны мен нысанасына байланысты ономастика 5 бағытқа бөлінеді: ареалды ономастика (кез келген халықтың географиялық орналасуындағы ономастикалық құбыластардың таралуы ареалын зерттейді); регионалды ономастика (белгілі бір территориядағы жалқы есімдерді қарастырады); әлеуметтік ономастика (жалқы есімдердің қоғаммен байланысын зерттейді); поэтикалық ономастика (көркем шығармадағы жалқы есімдерді анықтаумен айналысады); қолданбалы ономастика (жалқы есімдердің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын, нормативті модельдерін айқындайды).

Ономастика ғылым болып қалыптасқанға дейін 3 кезеңді басынан кешірді:

1) ғылымға дейін (XIX ғ. дейін), зерттеушілер Хрисипп, Дионисий Фракийский, Апполоний Дискон, Диомед, Донат, Консентий, Демокрит, Платон, Аммоний Диодор Крон, Секст Эмпирик т.б. атауға болады. Көне дәуір ойшылдары есімдерді жалпы және жалқы деп бөлген, олардың арасындағы тығыз байланысты көре білген. Бірақ оларды жеке разрядтарға бөлмей жалпы, бірге қарастырған.

2) ғылым болып қалыптасуындағы алдыңға кезең (XIX-XX ғғ. басы), Фома Аквинский, Томас Гоббс, Дж. Локк, Г. Лейбниц, Дж. Стюарт Милл, Х. Джозеф, Б. Рассел, Л. Сьюсан Стеббинг, А. Нурен, М. Бреаль т.б.)

3) ғылым болып қалыптасқан кезең (XX ғ. 30-жылдарынан қазірге дейін), орыс ономастикасы: М.В. Карпенко, А.А. Камалов, К. Конкобаев, Э.Б. Магазаник, А.К. Матвеев; түрік ономастикасы: Г.Е. Грум-Гржимайло, Г.А. Левшин, Н.А. Аристов; қазақ ономастикасы: Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Ә.Т. Қайдаров, В.Н. Попова, О.А. Сұлтаньяев; [1, 13].

Қазақ ономастикасы орыс және түрік ономастикасының еңбектеріне сүйене дамыды. Көрнекті зерттеушілер ретінде Ғ.Қ. Қоңқашпаев, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Ә.Т. Қайдаров, В.Н. Попова, О.А. Сұлтаньяевтерді атай аламыз. Ең алғашқы кандидаттық диссертацияны Ғ.Қ. Қоңқашпаев «Қазақ халықтық географиялық терминдер» (1949 ж.) тақырыбына жазды. Ал 1981 жылы Т.Жанұзақовтың бастауымен Қазақстан Ғылым академиясының А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ономастика бөлімі ашылды. 1949-2004 жылдар аралығында 40-астам докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалды. Жалпы алғанда Қазақстан ономастары антропонимдер, топонимдер, этнонимдер, космонимдер, зоонимдерді зерттеуге көп көңіл бөледі.

Жалқы есімдерді топтарға бөлу үшін әртүрлі негіздерді және олардың экстра, интралингвистикалық мағыналылығын анықтау қажет, Барлық онимдер тарихы ионың қалыптасқан кезіндегі қоғамның жағдаймен, мәдениетімен, даму барысымен байланысты болып келеді. Сондықтан да онимдер өзінің қалыптасқан дәуірінің көрінісі, жемісі болып келеді. В.А. Никонов атап өткендей: «Антропонимиканың, сол сияқты бүкіл ономастиканың ең бірінші заңы – тарих» [2, 7].

Әр халықтың ономастикасы бірдей болмайды және олардың разрядтарын даму хронологиясына байланысты бөлек қарастыру керек. Мысалы: қазақ антропонимдік жүйесін Т.Жанұзақов келесідей кезеңдерге бөледі:

1) көне түркі дәуірі- 5-6 ғ. сол кездігіе кісі аттары қазіргі қазақ есімдеріне ұқсас

2) орта ғасыр кезеңі - 10-17ғ. кісі аттарын араб, парсы, моңғол, исламға байланысты алмастырған

3) 17-19 ғ. араб есімдері сақталған, сонымен қатар орыс есімдері кірген, әкесінің аты мен тегі қалыптақан.

4) кеңес дәуірі - алдыңғы дәуір кісі аттарын сақтау, жаңадан орысша есімдерді пайдалану.

Жаңа объектілердің пайда болуы, экономикалық өзгеріс, саяси және халық әлеуетінің

дамуы, тарих қойғауына енуі Қазақстан топонимдерінде көрініс тапты. Бұл процесс төмендегі атауларды көрінеді: урбанонимдерде (көше, қала және ауыл объекті атаулары); астионимдер (қала атаулары); комонимдер (ауылдық елдімекендердің атаулары).

Топонимикаға келетін болсақ, географиялық терминдер ландшафт ерекшеліктерін, оның топографиялық нысанының түрін, мөлшерін, құрамын, сапасын көрсетеді. Қазақ топонимикасында 72 % табиғаттың ерекшелігін көрсетеді. Е.А. Керімбаев былай атап береді: «Генезистегі географиялық факторлардың рөлі мен мәні, Қазақ онимиясының дамуы мен қызметі Қазақстан табиғатының ерекше бай дара тұрған географиялық атау беруде көрініс тапқанымен байланысты» [3, 22].

Келесі разряд ол зоонимдер деп аталады. Зоонимдер - кез келген үй жануары, жабайы немесе цирктегі жануарлардың атауынан тұратын разряд. Зоонимдер өз ішінде кинонимдер - иттердің аты, гиппоним - жылқы аты, орнитоним - құстардың аты болып бөлінеді. Соңғы кездері сөздіктерге Н.В.Подольскаяның ұсынуымен бизонтоним - бизон аты мен инсектоним - жәндік аты түрлері қосылды. Бірақ оларға нақты терминология жасалмаған. Айта кететін жайт, барлық жануарларға атау берілмейді, тек адамға маңызды жануарларға ғана атау беріледі. Қазірде зооним түрлеріне мынадай терминдер қосылды: фелисонимдер - мысық аттары, камеллонимдер - түйе аттары.

Ғалымдар зоонимдерді зерттеу кезінде мынадай қиындықтарға кездескенін айтады: оларды жинап зерттеу және зерттеудің прагматикалық маңыздылығының аздығы. Қазақ жалқы есімдерін зерттей отырып, Т. Жанұзақов былай деп жазады: «Зоонимдер тілдің әр дәуірі бойынша бай материал береді. Олардың құрамынан көне грамматикалық формалар, шетел тілдік, тарихи, диалект сөздерді кездестіруге болады». Зоонимдік атаулар халықтың шаруашылығында жануардың қай түрін өсіретінін, даму кезіндегі әлеуметтік эстетикасын және қызығушылығын, қай жануардың түріне қызығатынын көрсетеді. Түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқы үшін төрт түлік мал өте маңызды болып саналады. Олар: жылқы, қой, түйе және жылқы. Ал праславян халықтары шаруашылықта үшін сиыр, өгіз, жылқы, ешкі, шошқа маңызды болып есептеледі.

Н.В. Подольскаяның байқауынша, жануарларға атау беру үрдісі адамдарға лақап ат беруге ұқсас, зоонимдерді зерттеу екіншілік атау беру үрдісінің кейбір үрдістерін ашуға көмектеседі.

Жануарларға атау беру қатаң бір ережеге бағынбайды, оған келесідей факторлар әсер етуі мүмкін.

- жануарлардың сыртқы белгілері;
- жануарлардың туу мезгілі;
- жануарлардың түсі;
- жануарлардың жүріс, мінез, желу ерекшеліктері;
- жануардың дыбысқа еліктеушілік ерекшеліктері;
- шығу тегі;
- адам есімін қолдану;

-атақты тұлғалардың есімі мен фамилиясын немесе фильмдегі есімдерін қолдану;

Осыған орай қазақ малдарын атау туралы Т.В Линко өзінің классификациясын ұсынды:

- жануардың тұқымы мен тегіне және кемістіктеріне байланысты: Ақсақ, Төбел, Кекілді;
- бәйгеге қатысуы және жүлделі орын алуына байланысты: Бәйгежирен, Бәйгеторы;
- жануардың әдемілігі мен сұлулығына байланысты: Сұлуқара, Асыл;
- табиғат құбылыстарына байланысты: Нажағай, Жаңбар, Сарықар; [4, 117-119].

Қазақ зоонимдері құрылысына жағынан жай, күрделі, құрамды болып бөлінеді.

Мысалы:

- 1) жай атаулар: Қыран, Таз, Сырттан.
- 2) күрделі атаулар: Ешкібас, Ақлағым.
- 3) құрамды: Көк қасқа, Ала құйрық.

Қазақ тілінде зоонимдер туралы лексика-семантикалық классификация, атау берудің жалпы теориясы, жасалу жолы, морфологиялық құрылысы, семантикалық дамуы, ғылыми,

публицистикалық және көркем әдебиетте қолдануы бойынша мынадай қорытындыға келуге болады:

-Лексико-семантикалық жағынан қазақ тіліндегі зоонимдер қоғамдағы тарихи, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму барысын көрсетеді;

- Жасалу жолына қарай қазақ тіліндегі зоонимдерді екі үлкен топқа бөлуге болады: кездейсоқ (дыбыс, сырт көрінісі, басқа объектілерге ұқсастығы, көлемі) және шынайы (тұратын жері, тамағы, өзін ұстауы).

-Қазақ тілінде зоонимдік атаулар семантикалық, морфологиялық, синтаксистік және калькалау жолымен пайда болады.

- Құрылысы жағынан зоонимдер: жай, күрделі, құрама болып бөлінеді.

- Көбінде зат есім мен сын есім қолданылады.

-Шығу тегіне орай зоонимдерді байырғы және кірме деп бөлуге болады. Байырғы зоонимдер түрік тіліндегі зоонимдерге ұқсауы мүмкін. Кірме зоонимдер орыс, монғол, араб, парсы елдерінен келген.

-Қолдануына байланысты зоонимдерді диалектілі және халықтық деп бөлеміз.

Қорыта келгенде қазақ тіл білімінде зоонимдердің алатын орны ерекше екіндігін қазақ халқының көшпелі болуымен байланыстырамыз. Сондықтан қазақ халқы ертеден жануарға ат беру маңызды екенін білген. Себебі, қолға үйретілген жануарларды жабайылардан ажыратқан және оларды шақырғанда эмоционалды ләззат алған. Қазақ тіліндегі зоонимдер қалыптасып бітті деп айталмаймыз, өйткені әліге дейін бір атаудың бірнеше фонетикалық нұсқалары немесе әртүрлі жануарлар бір атаумен аталуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мәдиева Г.Б.Иманбердиева С.Қ. Мәдиева Д.Б.Ономастика зерттеу мәселелері, – Алматы, 2016. – 163 б.
- 2 Никонов В.А.География русских фамилий. Вопросы языкознания, – М., 1988. –192 с.
- 3 Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. –Алматы, 1995. – 248 с.
- 4 Восточнославянская ономастика. Материалы и исследования. – М.: Наука, 1979.

УДК 81’373.48

ОСНОВНЫЕ СПОСОБЫ ОБРАЗОВАНИЯ СОВРЕМЕННЫХ БИЗНЕС БАЗЗВОРДЗ

Черноусова Юлиана Анатольевна

ellemoi@rambler.ru

Кандидат филологических наук, доцент кафедры профессионально-ориентированного английского языка ВШУ ФГБОУ ВО «Пятигорский государственный университет»,

Пятигорск, Россия

Научный руководитель: канд. филол. наук, доц., зав.каф. профессионально-ориентированного английского языка ВШУ ФГБОУ ВО «ПГУ» Миляева Л.И.

Глобализация экономики, международная интеграция, развитие современных цифровых технологий и средств онлайн коммуникации создает новые социальные и бизнес контексты, способствуя появлению уникального коммуникативного и лингвокультурного пространства [1], которое постоянно формирует и изменяет деловой дискурс – речемыслительную деятельность, детерминированную бизнес-сообществом, находящую выражение в письменных текстах и ситуативных речевых практиках, которые контекстуализируются знаниями, ценностями, властью и идеологией [2]. Это позволяет сделать вывод о том, что языковые процессы, происходящие в современном деловом